



ЖАҢА ҮКІМЕТТІҢ АДЫМЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 11 қаңтарда Парламент Мәжілісінің отырысында елдің алдағы бағыт-бағдарына қатысты мәлімдеме жасаған болатын. Осы жиында жаңа Үкіметті басқару үшін Әлихан Смайылов ұсынылды. Президент ұсынған кандидатты Мәжіліс бірауыздан қолдады. Сол күні түстен кейін жаңа үкіметтің құрамы бекітіліп, министрлер тағайындалды. Республика Президенті әлеуметтің әлеуетін арттыру мақсатында ел үкіметіне бірқатар тапсырма берді. Президент тапсырмасын Үкімет қалай орындауда? Халықтың жағдайын жақсарту үшін қандай әрекет жасауда? Бүгін осы сұрақтардың төңірегінде сөз қозғайтын боламыз.

2 БЕТТЕ

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНАНЫҢ» ЖАҢА КЕЗЕҢІ БАСТАЛА МА?

Мемлекет қаржысына иек артқан квазимемлекеттік сектор мәселесі бүгін ғана қозғалған жоқ. Үнемі айтылып келеді. Алайда бұл жолы айтылып қана қоймай, нәтиже болатыны анық. Айта кетелік, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 11 қаңтарда өткен Парламент Мәжілісінің отырысында квазимемлекеттік секторлар жұмысын реформалау қажеттігін атап айтты. Тіпті реформалауға келмесе, қажеті де бола қоймайтынын ашық айтты. Президент сөзінен кейін «Самұрық-Қазына» ұлттық әлауқат қорының жайы қоғамда ашық талқылана бастады.

Жалақысы жоғары, аты дардай белді компанияның ел экономикасы үшін қаншалықты тиімді екені жөнінде Президент былай деді: «Бүгінде бұл қордың активі еліміздің ішкі жалпы өнімінің 60 пайызына жуықтайды. Яғни осы ұйымның тиімді қызметі бүкіл экономикамызды өркендетуге тікелей әсер етеді.

Қордың КЕГОК, Қазақгаз және Қазақстан темір жолы сияқты инфрақұрылымдық компаниялары экономикамыздың барлық дерлік секторының тиімділігін айқындайды. Осы тұста қор өзінің негізгі



міндетін орындап отыр ма, яғни ұлттық байлықты еселей алды ма деген орынды сұрақ туындайды. Қомақты жалақы алатын қызметкерлері, директорлар кеңесі немен айналысады? Қызметі өте қымбат консалтинг компанияларын және шетелдік мамандарды жұмысқа тартқаннан пайда бар ма? «Самұрық-Қазына» қоры еліміздің стратегиялық активтерін басқару ісінде

басты рөл атқарады. Сондықтан Үкіметке Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен бірлесіп, квазимемлекеттік секторды түбегейлі реформалау үшін ұсыныстар әзірлеуді тапсырамын. Егер Қорды реформалау мүлдем мүмкін болмаса, ондай құрылымның экономикамызда болмағаны жөн».

3 БЕТТЕ

Бірнеше жыл бойы Сабаалақ саяжайының тұрғындары үшін өзекті болып келген мәселе шешімін тауып, саяжайдағы үйлер орталықтандырылған ауыз су жүйесіне қосылды. Аймақ басшысы Гүлшара Әбдіқалықова Қызылордадағы Сабаалақ саяжайындағы ауыз су қоймасының құрылысын көрді.

САБАЛАҚҚА АУЫЗ СУ КЕЛДІ



2 БЕТТЕ

КЕЛЕСІ САНДА:

**УТИЛИЗАЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА:
КӨЛІК АРЗАНДАЙ МА?**

**“ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ҚОРЫ”
КІМДЕРГЕ КӨМЕКТЕСЕДІ?**

Ғанибек Қазантаев, Қызылорда қаласының әкімі:

«БАССЫЗДЫҚТАРДЫҢ АРТЫНДА АРНАЙЫ БҮЛІКШІ ТОПТАРДЫҢ ТҰРҒАНЫ БІЛІНДІ»

Қызылорда қаласының әкімі Ғанибек Қазантаев жергілікті БАҚ өкілдеріне сұхбат берді. Шаһар басшысы болыс орталығында болған оқиға мен қазіргі ахуал туралы сұрақтарға жауап берді.



– Ғанибек Қонысбекұлы, мәселенің ушығуына не себеп? Шыныменде ереуілге шыққандардың талабы сұйылтылған газға қатысты болды ма?

– Бұған дейін де өзім және орынбасарларым апта сайын тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдап, елді мекендерді аралап, халықпен жүздесіп, олардың ұсыныс-пікірлерін, талап-тілектерін қаперге алдық. Дегенмен жағдайдың осыншалықты ушығып кететінін ешкім де білген жоқ, әңгімені осыдан бастайық. Жаңаөзен қаласынан бастау алған дүмпу біздің де өңірде жалғасты. Өкінішке қарай, топтасудың негізгі ошағы «Арай СИТИ Молл» ойын-сауық, сауда орталығы жанында болды. Баршаға белгілі, 2020 жылы 25 мамырда Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы Заң қабылданды. Осы Заңға сәйкес Қызылорда қаласы бойынша бейбіт митингілер өткізуге арналған арнайы орындар бекітілген. Ал кешегі өткен митингте бұл талаптар сақталмады. Сауда орнына келушілердің қауіпсіздігі ескерілмеді. Оз құқықтарын айта келген көпшілік ортақ мүддені ойламады, бір-бірінің құқықтарын шектеді. Осылайша тәртіп бұзылды.

3 БЕТТЕ

#КүшімізБірлікте



COVID-19 ЭНДЕМИЯҒА АЙНАЛА МА?

Америкалық ғалым, иммунолог және инфекционист Энтони Фаучи омикрон штаммынан коронавирус пандемиядан эндемияға, яғни тұмау секілді ауруға айналуы мүмкін деп болжауда. Инфекционист бұл туралы осы аптада ғаламдық экономикалық форум ұйымдастырған Davos Agenda виртуалды көрмесінде айтты. Ғалымның тұжырымдасына орай CNN арнасының тілшілері Трэвис Колдуэлл мен Холли Ян «Фаучи омикрон, өзге сценарий орын алмаса, Covid-19 пандемиясына нүкте қоюы мүмкін екенін айтты» тақырыбында мақала жариялады.

«Өзірге нақты емес, бірақ тез таралып жатқан омикрон штаммы коронавирусты басқару оңайға түсетін эндемиялық фазаға алмастыруы мүмкін. Мен солай деп үміттенемін», – дейді дәрігер Энтони Фаучи.

Жалпы эндемиялық аурулар қоғам арасында жиі кездеседі, бірақ ол пандемия секілді адам шығынының көптігіне әкеп соқпайды. Ал омикрон тез жұқпалы болғанымен басқа штамдар секілді ауыр симптомдары жиі кездеспейді. Бұл туралы арна бұған дейін де мақала жариялап, омикронның симптомдары дельта штаммына қарағанда едәуір жеңіл екенін жазған болатын. Осылайша ғалымдар омикронның әсерінен Covid-19 пандемиядан эндемияға айналуы мүмкін деп болжап отыр. Өзірге бұл тек болжам ғана, себебі ковидтың тағы басқа штаммы шықса, сценарий өзгеруі мүмкін.

«Бұл тұжырымдама тек иммунитет көмектесе алмайтын жаңа штамм пайда болмаса ғана орындалады. Омикронда дельта штаммының белгілері кездеспейтіні бізге оңай соғып тұр. Дегенмен омикрон жұқтырғандардың саны өзге штаммнан гөрі көп. Осыдан көпшілікте «Омикрон өзге вирусқа қарсы тұратын «тірі вакцина» бола ма?» деген сұрақ туындауда», – дейді ғалым.

Алайда адамдар бұл тұжырымдаманы қабылдап, әдейі омикрон штаммын жұқтыруға тырыспау керек. Дәрігерлер мұндай әрекет аса ауыр жағдайға әкеп соқтыруы мүмкін екенін айтады. Одан бөлек мұнымен коронавирустың таралуы тоқтатылмай деуге келмейді. Себебі әлем бойынша қазіргі кезде ауруханалардың жүктемесі артып, жоспарланған оталар мен емдеу шараларында қиындық орнады. Қазір жетіспеушілігі болып жатқан кей денсаулық сақтау мекемелері соңғы уақытта коронавирустан зардап шеккен мыңдаған адамға көмек көрсетуде. Бір ғана АҚШ-тың өзінде денсаулық сақтау министрлігінің мәліметі бойынша дүйсенбіде 156 676 науқас ауруханаға жатқызылған. Ал Джон Хопкинс университетінің мәліметі бойынша соңғы аптада күн сайын 1695 американдық коронавирустан көз жұмған.

Осы аптада Американың Нью-Джерси штатынан Алабама штатына дейінгі аралықта орналасқан қалалардағы мектептер онлайн форматқа көшкен. Ал Техаста омикрон штаммын жұқтырғандар қатарының күрт өсуіне байланысты мектептер уақытша жұмысын тоқтатқан.

Бірақ Нью-Йорк мэрі коронавируспен күрестегі оң нәтижелерді алға тартып, жоғары сыныптағарға білім беру жалғастатынын мәлімдеген. «Біз коронавирустың жеңбесек те онымен күресте оң өзгеріс бар», – дейді қала басшысы Эрик Адамс. Ал қалалық денсаулық сақтау комиссары доктор Дэвид Чокшаның айтуынша, коронавирусты емдеу ауруханасына жатқызылғандар саны 11 қаңтарда шамамен 6500 болса, 16 қаңтарда шамамен 5800-ге дейін төмендеген. Дегенмен ол бұл әлі де көп екенін айтып, тұрғындарды вакцина салдыруға шақырды.

Нью-Йорк басшысы Адамс қалада қашықтан білім беру мүмкін болмағанымен, мұғалімдер кәсіподағына вирус жұқтырып, үй карантинінде жатқан балаларға онлайн сабақ беруді ұсынған.

Вирджиния округінің губернаторы Гленн Янгкин мектептерде бетперде тағуды міндеттеуден бас тартып, балаларды вакциналау дұрыс екенін, ал бетперде тағып жүру-жүрмеуін ата-аналардың өздері шешетінін айтқан. Алайда Солтүстік Вирджиния мен Ричмонд аймағындағы мемлекеттік мекемелер басшысы бұл шешіммен бас тартқан. «Біздің коронавируспен күрестегі жеке зерттеуіміз мектепте бетпердемен жүру вирустың жұғу ықтималдығын едәуір төмен екенін дәлелдеді. Сол себептен әр оқушының бетпердемен жүруі шарт», – дейді ол.

Қазіргі кезде ықтимал штамдардың алдын орау үшін жаңа вакциналар жасап шығару жұмысы үдей түскен. Мысалы, «Moderna» компаниясы өздерінің жаңа вакцинасының мақұлдамасын наурыз айында аламыз деп болжауда. «Алдағы аптада зерттеу нәтижелері клиникаға жеткізілсе, жауапты органдармен ақпаратты бөлісеміз. Бұл бізге вирустың келесі өзгерісін алдын ала болжауға мүмкіндік береді», – дейді компания директоры Стефан Банселс.

Ол сондай-ақ «Moderna» компаниясы дайындап жатқан тұмау мен коронавирусқа қарсы біріккен вакцина шамамен 2023 жылдың күз айында дайын болатынын айтты.

Ал дәрігерлер коронавирусқа қарсы тұруда едәуір тиімдісі вакцина мен бустерлік вакциналар деген мәлімдеме жасады. Мәселен, бустерлік вакциналар коронавирусқа қарсы алдыңғы вакцинаның антиденелер санын көбейтіп, жұқтыру қаупі жоғары адамдарды қорғауға мүмкіндік берген.

Бұған дейін Израильдегі мәліметтер бойынша «Pfizer/BioNTech» немесе «Moderna» вакциналарының төртінші дозасы антиденелер санын едәуір көбейтуі мүмкін деп болжам жасалды. Алайда мамандар мұның омикрон штаммына қарсы тұра алатынын әлі нақты дәлелдеген жоқ. Желтоқсанда Израильде вирус жұқтыру қаупі жоғары топтар үшін қосымша вакциналау шарасын бастамас бұрын сау қатысушыларға вакцинаның төртінші дозасын сынауды бастады. Мұндай зерттеу жұмыстары алғаш рет жасалауда.

«Менің ойымша, халықтың осал топтары үшін төртінші вакцинаға рұқсат беру туралы шешім дұрыс. Бұл аздаған болса да пайда әкелуі мүмкін, бірақ бұл әдісті бүкіл халыққа қолдану туралы шешімді қолдай алмаймын. Нақты дәлелдемелер қажет», – дейді Шеба медициналық орталығының жұқпалы ауруларды бақылау жөніндегі директоры доктор Гили-Регев Йочай.

4 БЕТТЕ

ЖАҢА ҮКІМЕТТІҢ АДЫМЫ

БАСТЫ МАҚСАТ – ХАЛЫҚТЫҢ ТАБЫСЫН АРТТЫРУ

Мемлекет басшысы жүктеген міндеттің бірі – халықтың табысын арттыру. Қасым-Жомарт Тоқаев цифрлармен ойнауды қойып, нақты істерге көшетін кез келгенін баса айтты.

– Азаматтардың әл-ауқаты және әлеуметтік көңіл-күйі мемлекеттің басты назарында болуы керек. Цифрлармен ойнауды қойып, нақты істерге көшетін кез келді. Мемлекеттік аппарат көп жағдайда «өзін-өзі тиімді жұмыспен қамтушылар», «ресми емес жұмыспен қамту» секілді терминдерді қолданып, жағдайды жасыруды жақсы көреді. Соның салдарынан көптеген адамдар жұмыссыздықпен бетпе-бет

1 ақпанға дейін мемлекеттік кірістер органдарының салықтық және кедендік тексерулері, сондай-ақ камералық бақылау бойынша хабарламаларды беру уақытша тоқтатылады.

Мемлекет басшысының үкіметке «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп, халықтың табысын арттыру бағдарламасын әзірлеу тапсырылғанын айтқан болатынбыз.

– Біз үшін ең басты мақсат – ол халықтың табысын арттыру. Кез келген жоспар, кез келген бағдарлама, бірінші кезекте, халықтың табысын арттыруға бағытталуы тиіс. Басқарудың барлық деңгейінде жұмыс тиімділігі дәл осы көрсеткіш бойынша бағаланатын болады, – деді Үкімет басшысы.

Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендету мақсатында «Жастар практикасы» және «Алғашқы жұмыс орны» жобалары шеңберінде жалақы



әлеуметтік саясатының тиімділігін төмендетеді. Сондықтан инфляция мен баға тұрақтылығына ерекше маңыз беріліп отыр», – деген ойын жеткізді.

Үкімет басшысы азық-түлік тауарларын өндіру көлемін арттыруға, ішкі нарықта тауарлардың жеткілікті болуына, энергия көздеріне баға белгілеу тетігі мен ақылы қызметтердің тарифтерін қайта қарауға мүмкіндік беретін жүйелі шаралар қабылдау қажеттігін атап өтті. Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне монополияға қарсы шара қолдану және делдалдық схемаларды тексеру бойынша жұмысты күшейту тапсырылды.

«Біз жауапсыз сатушылар мен алып-сатарларға бағаны негізсіз өсіру есебінен пайда табуға жол бермеуіміз қажет», – деді Ә.Смайылов. Өңірлердің әкімдіктеріне

үстеме баға мен шекті бағаны бақылау жұмысын күшейту, Қаржы министрлігіне Сауда және интеграция министрлігімен бірлесіп, нақты тауарларды импорттау немесе өндіру кезінен бастап оларды сатуға дейін міндетті түрде электрондық шот-фактураларды жазып беру бойынша пилоттық жобаны жүргізу мәселесін пысықтау тапсырылды, бұл алып-сатушының әрбір деңгейінде үстеме бағаға мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді. Ішкі нарықты қамтамасыз ету үшін Ауыл шаруашылығы министрлігіне

ҮКІМЕТ ҚАБЫЛДАҒАН ЖАҢА ҚАУЛЫ

Ел Президентінің ерекше назар аударған мәселесінің бірі утилизациялық алыммен байланысты. Мемлекет басшысы: «Кәсіпкерлер мен жалпы қоғам тарапынан «Оператор РОП» деп аталатын компанияның қызметіне қатысты көптеген сұрақ туындап отыр. Тіпті осы жеке компанияға қарсы қоғамдық қозғалыс та ұйымдастыруға дейін жетті. Үкіметке «Оператор РОП» ЖШС-ның утильдік алым жинаумен пайдалануын тоқтату бойынша шара қабылдауды тапсырамын. Мұнымен шет елдердегідей мемлекеттік ұйым айналысуы керек», – деп қадап айтты.

Primeminister.kz сайтындағы ақпаратқа сүйенсек, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасын орындау аясында 2022 жылғы 18 қаңтарда Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымдарының кейбір мәселелері туралы» қаулы қабылдаған. Құжатқа сәйкес «Жасыл даму» АҚ мемлекеттік ұйымы өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторы болып айқындалды. «ӨКМ Операторы» ЖШС-нің утилизациялық алымды әкімшілендіру және тиісті қаражаттарды басқару шеңберіндегі қызметі тоқтатылды. Утилизациялық алым қаражаты есебінен құрылған активтер мемлекет меншігіне берілді. Өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелерін әкімшілендіру функцияларын мемлекеттік ұйым – «Жасыл даму» АҚ орындайтын болды.

Р.С. Қазір елдегі барлық мәселе Үкіметтің назарында екенін айта кеткен абзал. Премьер-Министрдің әрекетінен ішкі нарықты азық-түлікпен қамту, бағаны тұрақтандыру, сұйытылған газбен қамтамасыз ету, халықтың іңдеткен сақтау бойынша бірқатар жұмыстың атқарылғанын көруге болады. Басқа аймақты сөз етпесек те Сыр өңіріндегі ахуалды жеткізгенді жөн көрдік. Сөзіміз дәлелді шығу үшін облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың тұрақтандыру қорының жұмысымен танысқаннан кейінгі айтқанын негізге алдық. «Қазіргі таңда тұрақтандыру қорында азық-түлік жеткілікті. Ең бастысы, бағасы келісім 130 теңгені құрайтын ұнның 440 тоннасы резервте тұр. Одан басқа, айналым схемасы бойынша кәсіпкерлермен келісім негізінде 7 мың тонна ұн әкелінбек. 100 тоннадан қарақұмық, күріш, макарон өнімдері мен көкөністер сақталып. Көрші Түркістан облысымен келісім бар, жетіспейтін азық-түлік бойынша 122 кәсіпкердің тізімі жасасқалды. Тапшылықты болдырмаймыз», – деді облыс әкімі.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасын мемлекеттік реттеуде облыста жыл сайын жергілікті бюджеттен қаржы бөлініп, тұрақтандыру қоры толықтырылады. Биылдың өзіне 1,3 млрд теңге қарастырылып отыр. Қазіргі таңда өңірде азық-түлік қорында тапшылық жоқ. 34 әлеуметтік дүкен қалыпты жұмыс істеуде. Тұрақтандыру қорының қоймасында 1,5 мыңға жуық тонна өнім сақталып, төмен бағада сатылады.

Бір сөзбен айтқанда, қазір барлық сала мен барлық аймақ Президент тапсырмасын орындауға көшкен.

Әзиз ЖҰМАДІЛДӘУЛЫ

«Қасіретті қаңтар» оқиғасы ел жадынан өше қоймасы анық. Дейтұрғанмен террорлық әрекеттерге тойтарыс бергелі тіршілікке қайта жан бітті. Соған орай төтенше жағдай режимі де тоқтатылды.



ӘКІМШІЛІК ҒИМАРАТТАР ЖӨНДЕЛУДЕ

Яғни 19 қаңтардан бастап облыста енгізілген коменданттық сағат аяқталып, бекітілген барлық шаралар мен шектеулер алынды. Халықтың қауіпсіздігін сақтау мақсатында облыс көлемінде қойылған 28 блок-бекет жұмысын тоқтатты. Қалаға және елді мекендерге кіріп-шығу шаралары да жойылды.

Ішкі істер органдарының халықтың қауіпсіздігі мен тыныштығын қамтамасыз ету мақсатында атқарған шараларының нәтижесінде өңірде ахуал тұрақты. Ел басына күн туған тұста «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған» халыққа полиция департаментінің бастығы да алғыс айтты.

«Қолдау білдірген облыс тұрғындарына алғысымды айтқым келеді. Сындарлы сәттен, қиналған шақтан елдің ауызбіршілігі мен татулықтың арқасында аман-есен шықтық. Біз өңірдегі қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау үшін қызмет етеміз. Қиын да жауапты сәтте кідірместен елімізді, халқымызды қорғау мақсатында қаруланған бұзақыларға тойтарыс берген полиция қызметкерлері мен сарбаздарға алғысым шексіз. Сіздерге және отбасыларыңызға ең бастысы аمانдық пен денсаулық тілеймін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын», – деді полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Сұлтан Бектөре.

Жалпы төтенше жағдай кезінде 962 адам полиция органдарына жеткізіліп, 253-не қатысты қылмыстық іс қозғалды. Сонымен қатар коменданттық сағат талап-

тарын бұзған 200-ге жуық азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Айта кетейік, бүгінде облысымызда террорлық акт кезінде залал келген 9 әкімшілік ғимаратты жөндеу жұмыстары басталып кетті. Жөндеу, қалпына келтіру жұмыстары облыс әкімдігінің ғимараты мен көлікжайы, қала әкімдігі, Nur Отан партиясының облыстық және қалалық филиалдары, облыстық полиция департаменті, қалалық полиция басқармасы, облыстық соттар әкімшісі және жергілікті полиция қызметінің ғимаратына жүргізілуде. Озырлардың ойырынан келген шығын көлемі 6 млрд теңгеге жуық. Оның 1 миллиард 200 миллион теңгесі құрылыс-монтаж жұмыстары үшін қажет. Ұрланған, өртенген, сынған техникалық жабдықтар мен жиһаздар шығыны да қосылды. Бүлік кезінде іске жарамсыз болып қалған құралдар мен нысандардың барлығына акті жасалып, техникалық қадағалау жұмыстары аяқталды. Мердігерлер анықталды. Енді жобалық-сметалық құжаттары жасалып, сараптамадан өтетін болады.

– Әрбір нысан бойынша құрылысшы мамандар бекітілді. Жалпы 9 нысан бойынша 350-ге жуық құрылысшы маман бекітіліп отыр. Облыс әкімінің тапсырмасымен барлық нысандарды қайта қалпына келтіру жұмыстары 20 ақпанға дейін аяқталуы керек, – деді облыс әкімінің баспасөз хатшысы Абай Тағыбергенов.

А.БАЙ

ЭПИДУАХУАЛ КҮРДЕЛІ: ОҚУШЫЛАР ҚАЛАЙ БІЛІМ АЛАДЫ?

Қазіргі таңда елдегі эпидемиологиялық күрделеніп, 1-18 қаңтар аралығында облыс орталығында коронавирустық инфекцияны жұқтырған 1534 науқас анықталған. Одан бөлек қалада 12-18 жас аралығындағы 7399 жасөспірім «Комирнати» вакцинасының I компонентін, ал вакцинаны толықтай 4325 бала салдырған. Эпидемиологиялық ахуалдың ушығуына байланысты қала мектептерінде білім беру форматы өзгерді. Бұл туралы қалалық білім бөлімінің басшысы Динара Баймурзаева арнайы баспасөз жиынында хабарлады.

– Облыстың Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің №2 қаулысы қабылданып, қаулыға сәйкес эпидемиологиялық ахуал тұрақталғанша қаладағы 600 оқушыға дейінгі мектептер дәстүрлі форматта оқытса, оқушы саны 600-ден жоғары мектептер қашықтан оқыту форматын жалғастырады. Ал ауылдық жерлердегі 600 оқушыдан жоғары мектептер дәстүрлі форматта білім береді.

Қашықтан оқыту форматындағы мектептер әкімшілігінің шешімімен 1-2 сыныптар дәстүрлі форматта оқитын болады, – деді Динара Қонақбайқызы.

Білім бөлімінің басшысы 2021-2022 оқу жылы басталғалы 185 оқушы вакцина алса, білім беру қызметкерлерінен 406 мұғалім қайта вакциналаудан өткенін мәлімдеді.

А.БІРКЕНОВ



«Сабалақ» саяжайын ауыз сумен қамтамасыз ету үшін 2019-2021 жылдар аралығында ұзындығы 67 шақырымды құрайтын магистральді және ішкі ауыз су желілері жүргізіліп, елді мекен тұрғындарына пайдалануға берілді. Сондай-ақ жаз мезгілінде су тапшылығын болдырмау мақсатында жеке демеуші есебінен қосымша ұңғыма қазылып, сыйымдылығы 50 текше метр болатын ауыз су мұнарасының құрылысы жүргізілді. Бүгінде құрылыс жұмыстары толық аяқталып, орталық су желісіне қосылды.

Облыс әкімі нысандарды аралау барысында тұрғындардың игілігі үшін елді мекендерді ауыз сумен қамтама-

Басы 1-бетте

САБАЛАҚҚА АУЫЗ СУ КЕЛДІ

сыз ету жұмыстарының жоспарға сай әрі сапалы жүргізу керектігін баса айтты. Жалпы қазіргі таңда облыс халқының 97 проценті орталықтандырылған ауыз суға қосылған.

Аймақ басшысы жоба нысандарын аралау барысында «Арай-3» шағын ауданындағы жаңадан салынатын мектеп құрылысы үшін бөлінген жер учаскесіне барып, атқарылған жұмыстарды өз көзімен көріп қайтты.

Мұнда 800 орындық мектеп құрылысын жүргізу үшін 3 гектар жер учаскесі белгіленген. Қазір білім ордасының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу мен құрылысқа дайындау жұмыстары басталды.

Одан бөлек, аумақта сот қызметкерлерін баспанамен қамту үшін 1 гектар жер қаралған. Екі жоба бойынша

аталған аумақтарды құммен толтыру жұмысын жүргізу керек. Мамандардың есебіне сәйкес бұл жұмысқа 250 мың текше метр, яғни 500 мың тонна құм керек.

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова демографиялық көрсеткіштің артуына байланысты жаңа мектептерді салу қажеттігін атап өтіп, жаңа білім ошағы орын тапшылығын шешуге ықпал ететінін тілге тиек етіп, қала әкімі Ғанибек Қазантаев пен құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Бердияр Пірімбетовке мектеп салу ісіне қажетті жұмыстардың уақытылы әрі сапалы жүргізілуі керектігін айтты.

Айта кету керек, аймақта өткен жылдың қыркүйек айында 750 орындық 3 мектеп пайдалануға берілді. Оның екеуі жеке мектеп. Биыл 8 мектеп құрылысын жүргізіп, 7 білім ордасын жыл аяғына дейін пайдалануға беру жоспарда бар.

«Ақмешіт-ақпарат»

